

Абдрасилов Т.Қ.¹, Қалдыбай Қ.Қ.², Нурматов Ж.Е.³

¹PhD доктор, қауымдастырылған профессор (доцент) м.а., e-mail:turganbay33@mail.ru
²PhD доктор, қауымдастырылған профессор (доцент) м.а., e-mail:kaldibaykaynar@list.ru
³PhD доктор, аға оқытушы, e-mail: jahangimur@mail.ru
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Қазақстан, Түркістан қ.

**ДІНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ
ОНЫҢ ҚОҒАМДЫ БІРІКТІРУШІЛІК ҚЫЗМЕТІ**

Бұл мақалада діни толеранттылық пен дінаралық келісімнің, діни зайырлылық пен діни моральдің қоғамдағы консенсустық, қоғамды біріктірушілік қызметі сараланып, бұл игілікті бағдардың пайда болуының алғышарттары қарастырыла келе, діни толеранттылықтың еліміздегі тарихи діни сенімдердегі діни өзара келісімділік мәселелерінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі осы ахуалдың мән-жайы қарастырылды. Сонымен қатар дін аралық татулықтың Қазақстандағы қазіргі келбетінің ресми көрінісі мен бұқаралық санадағы жалпы бейнесі дінтанулық тұрғыдан талданып, оның құндылықтық сипаты таразыланды. Конфессия аралық өзара келісім жағдайында Қазақстанда діни толеранттылықты одан әрі арттыру бағдарының, алдымен болуы ықтимал қатерлері сараланып, діни толеранттылықты одан арттырудың перспективасы болжамданды.

Түйін сөздер: дін, толеранттылық, жаһандану, конфессия, діни дүниетаным.

Abdrassilov T.K.¹, Kaldybay K.K.², Nurmatov Zh.Y.³

¹PhD doctor, Associate professor, e-mail: turganbay33@mail.ru

²PhD doctor, Associate professor, e-mail: kaldibaykaynar@list.ru

³PhD doctor, Senior teacher, e-mail: jahangimur@mail.ru

Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

Religious tolerance and its role in the integration of society

In this article, the problem of interconfessional relations is considered, which is one of the most urgent today. There have been attempts to politicize confessional organizations, which can also become a factor in exacerbating inter-confessional relations. In the conditions of the transitional period, which our society is now experiencing, the construction and development of constructive interfaith relations that can influence the strengthening of the processes of social stabilization and integration of the Kazakh state are of great importance. The change in the state structure of Kazakhstan requires new approaches in the state policy towards religious organizations that take into account the multifaceted nature of this problem. One of such approaches can be the shift of the accents of interconfessional relations from the doctrinal plane to the level of culture, which will help to smooth existing contradictions.

Key words: Religion, tolerance, globalization, confession, religious worldview.

Абдрасилов Т.Қ.¹, Қалдыбай Қ.Қ.², Нурматов Ж.Е.³

¹PhD доктор, ассоциированный профессор (доцент) и.о., e-mail: turganbay33@mail.ru

²PhD доктор, ассоциированный профессор (доцент) и.о., e-mail: kaldibaykaynar@list.ru

³PhD доктор, старший преподаватель, e-mail: jahangimur@mail.ru

Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясауи, Казахстан, г. Туркестан

Религиозная толерантность и ее роль в интеграции общества

В данной статье рассматривается проблема межконфессиональных отношений, которая на сегодняшний день является одной из актуальных. Наблюдаются попытки политизации конфессиональных организаций, которая также способна стать фактором обострения

межконфессиональных отношений. В условиях переходного периода, который сейчас переживает наше общество, важное значение приобретают построение и развитие конструктивных межконфессиональных отношений, способных повлиять на усиление процессов социальной стабилизации и интеграции казахстанского государства. Изменение государственного устройства Казахстана требует новых подходов в политике государства в отношении религиозных организаций, учитывающих всю многогранность данной проблемы. Одним из таких подходов может стать смещение акцентов межконфессиональных отношений из доктринальной плоскости в плоскость культуры, что позволит сгладить существующие противоречия.

Ключевые слова: религия, толерантность, глобализация, конфессия, религиозное мировоззрение.

Кіріспе

Дін негізінен, табиғаты жөнінен адамдар арасындағы қатынастарды, әсіресе, моральдік сапаларды жүйелеп, реттеп отыратын – реттеушілік, адамның қоғамдағы немесе өз ішіндегі әр түрлі күйзелістері мен депрессияларын болдырмайтын, оның орнын толтыратын – компенсаторлық, білім мен ілімге үндейтін – ағартушылық, әлемнің қыр-сырын тануға бағытталған – дүниетанымдық т.б. жағымды қызметтер атқарады [1].

Біздің пайымдауымызша, бүгінгі таңдағы діни толеранттылық пен дінаралық келісімнің, діни зайырлылық пен діни моральдің қалыптасуының осындай алғышарттары болған сыңайлы және ол жоғарыда айтылған еркін-ой мен ортодоксальді діннің арасынан «алтын аралықты» іздеуден туындаған сыңайлы [2].

Діни толеранттылық, дінаралық келісім, діни зайырлылық сияқты діни арнада ұсынылып отырған бүгінгі таңдағы құндылықтардың пайда болуы шындығында, көп жағдайда, діни фундаментализмге, ортодоксальділікке, жалған діндерге және жағымсыз мәнде бұрмалаушыларға, фанатизмге, схоластикаға, радикализмге, экстремизмге, терроризмге деген қарсылықтардан пайда болды. Ендеше, біз, арнайы бөлім ретінде қойып отырған мәселені ашу үшін, алдымен, атап көрсетіп отырған діни ұстанымдарды, одан соң еркін ой сана элементтерін сараптап, діни төзімділік, дін аралық татулық, діни зайырлылық ұғымдарын талдап, оның қазіргі Қазақстандағы көрінісін саралауымыз қажет [3].

Фундаментализм діннің дәстүрлі ұстанымдарын қолдайтын артқа тартушы күш ретінде қоғамды секуляризациялауға, демократияландыруға қарсы шығатын және дінді мәдениеттің ерекше формасы ретінде зерттеудің рационалдық, ғылыми әдіснамасына жағымсыз көзқарас орнататын иудаизм, христиандық, ислам діндеріндегі теизмнің бір формасы.

Батысшылдық мәдениетке қарсы исламдық фундаментализм жыныс теңдігін, ар-ұят еркіндігін, жалпының сауаттылығын т.б. жоққа шығарады, бірақ батыстың ғылыми-техникалық өрлеуімен ықпалдасуды, әсіресе, қарулы күштер аймағында, қаласа, протестанттық фундаментализм библияны сол қалпында сөзбе-сөз түсінуді негізге алып, христиандықтың барлық жаңашыл бағыттарын терістеп, либерализм идеологиясының дамуына реакция ретінде қарсы шығады [4]. Фанатизм талқылаусыз, соқыр сенімге негізделген діни аймақтағы шеттен шыққан көзқарас және басқа көзқарастар мен сенімдерге төзімділікпен қарамайтын, өзінің көзқарасына да сыни тұрғыдан келе алмайтын ұстаным. Фанатизм ең шеткі энтузиазммен, қызғанышпен, доктриналарға берілгендікпен айшықталады. Табынушылар қоғамдық және мемлекеттік нормаларды бұзуға ұмтылмаса, фанаттар алдындағы кедергілерді жоюда ешнәрседен болса да тайынбайды, тіпті өзінің жанын құрбан етуге дейін барады және қоғамдық санада «қалыпты емес» құбылыс болып есептеледі [5].

Н.А. Бердяев атап өткендей, фанаттар ақиқатты қорғап жүргендей сезінеді, бірақ, шындығында, еркіндіктен ақиқатты жоғары қояды. Сананың бұл қалпы адасу болып табылады, діни фанатизм мен төзімсіздіктің негізгі себебі үрей екендігін атап өткен ойшыл, фанаттар зұлымдықты, күштеу мен қаталдықты жүзеге асыра отырып, қоршаған ортадан үрейленіп, үнемі қауіпті сезінеді. Адам әрқашан үрейдің әсерінен күштеуге ұмтылады деген тұжырымдарға келсе [6]. Б.М. Аташ діни экстремизм мен терроризм мәселелерін зерделей келе, фанат пен дәстүрлі сенім иесін, саяси фанаттың айырмашылықтарын былайша дихотомиялайды: «Қауіпті діни фанатты дәстүрлі ағым өкілінен қалай ажыратуға болады: а) дінді заңсыз, сәті түспесе де насихаттаушылар (идеологтар) мен кез келген сәтте өзінен-өзі үнемі белсенді ақтап алушыларға (аполегет) айналғандар; ә) үгіт кезінде «тозақ оты», «қарғысқа ұшырау»

сияқты үрей тудыратын түсініктерді қолдануға құштар болады; б) үгіт-насихат жасайтын кезенді үнемі бағып жүреді, оңтайлы сәтін күтуде болады (діни ақпаратқа сұраныс болса, бұл жағдай басқаша); в) кез келген нәрсені, құбылысты, пікірді, ойды, мақсатты т.б. дінге апарып қиыстырып (қиыспайтын болса да) отырады; г) өзінің сеніміне қарсы келетін немесе үндеспейтін пікірлерге төзіп тұра алмайды, сол сәтте сезімге беріліп ашу туғызуға да бейім болып келеді, пікірталас этикасын және рационалдылықты сақтамайды; ғ) таным-түсінігінде: Отан, Ұлт, Ата-ана, Бауыр т.б. жалпыадамзаттық ең маңызды құндылықтарды өзінің сенімінен төмен қояды; д) өзгелерді өз сеніміне кіргізу міндетін «өзіне-өзі жүктеп» алады және келіспегендерді «жек көреді», кейде тіпті «жау» санайды; е) діни мәселелер топтамасын ақылмен, парасаттылықпен түсіну оған жат, тек сезім мен сенімді ғана басшылыққа алады, өзіне-өзі сын көзбен қарай алмайды; ж) жеке Меніне қатысты алғанда, жалпыадамзаттық, ұлттық моральді ескерусіз қалдырып, діни (сыртқы) формаға құштарлық анық байқалып тұрады; з) ұлттық дәстүрлі құндылықтардың да шарифатқа сай келмейтін қырларының барлығына жуығына «ширк», «харам» деген сияқты табуларды өз бетімен де белгілеп қояды т.б.» [7].

Шындығында, дінтанушыларымыз атап өткендей, діни фанаттық көп жағдайда экстремизмге бастайтын «төте жол» іспетті болып табылады [8]. Ортодоксальділік қандай-да бір доктринаны, идеяны, сенімді, ілімді қатаң ұстану немесе осы бағыттағы діни сенім. Жағымсыз түсіндірмесінде бейімделушілікті, ашықтықты, үнемі өзгерістегі жағдайларда құндылықтарды таңдау мүмкіндігін жоққа шығарады. Ортодоксальді адам қандай-ма болмасын сауалдарда келіспейтіндей шеткі ұстанымды қалайды, мәселелерді шешуде компромиске бармайды [9]. М. Мюллердің пікірінше, осы ортодоксальділіктен әр түрлі діни ауытқулар туындайды, діни мәтіндерге жасалған герменевтикалық талдаулар діни мәтіннің түпнұсқаларынан бірнеше есе көп, олардың кейбірі әр түрлі ағымдар мен секталарға айналып кеткен, бірақ олардың барлығы ортодоксальді бағытты ұстанатындығын мәлімдейді [10].

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі

Зерттеу нәтижелерін алу барысында ретроспективтік және компаративистік тұрғыдан талдау мен құрылымдық-функционалдық әдістер қолданылды. Сондай-ақ, диалектикалық және

салыстыру, жалпылау, ұқсату, жүйелеу, модельдеу, құрылымдау т.б. формальді логикалық операциялар, каузальділік пен генетикалық тұрғы, типологиялық жүйелеу, феноменология, герменевтика, психоанализдік түсіндірмелер пайдаланылды. Тағы бір қолданылған ерекше тәсіл осы әдіснамаларға сүйенілген зерттеулерге сол тұрғыларды пайдаланып қайта таразылау жүргізілді.

Дерек көздерге шолу

Антикалық дәуірдегі көптеген философиялық мектептер мен ағымдарда да төзімділік сарындары байқалады. Атап айтқанда, өлімнен, қажеттіліктерден, құдайдан қорқудан азат болуға ұмтылатын эпикуршылар ілімінде, аштық пен суықтыққа, жоқшылық пен қиындыққа төзе білуге шақыратын киниктер мектебінде т.б. толеранттылықтың лебі айқын аңғарылады.

Орта ғасырдағы христиандық теологиядағы толеранттылықтың бастауы «адам күнәлі болып туады» деген қағидада және Христостың шегеленген сәтіндегі төзімділік идеалында жатыр. Өйткені осы екі ұстанымды бүкіл христиандар қолдады. Ал ислам дінінде де адамды сабырға шақыратын тұстар өте көп.

Жаңа замандағы Т. Гоббстың конвенционализм қағидасы, Б. Спинозаның этикасы, Н. Кузанскийдің «қайшылықтардың сәйкестігі» теориясы, 18 ғасырдағы ағартушылардың гуманистік ұстанымдары т.б. толеранттылықтың ғылыми философиялық негіздері және бұл түсініктің бастапқы әдіснамалық-теориялық алғышарттары болып табылады.

Қазіргі заманғы қазақстандық және ресейлік ғалымдар да бұл мәселемен жүйелі түрде және әр ғылым саласы бойынша шұғылданып келеді. Педагогика саласындағы ресейлік зерттеушілер: Н.Н. Подобед, Н.М. Лебедева, О.В. Лунева, Т.Г. Стефаненко, Г.У. Солдатовой, Л.А. Шайгеровой, Е.Ю. Клепцова, Г.В. Григорьев, Д. Степаненко, М. Коновалова, М.П. Зайцев т.б. болса, отандық педагогтарға: С.М. Абилюдинова, Г. Алдамбергенова, Ш.К. Беркімбаева, К.Ж. Қожахметова, Ж.Ж. Қартбаева сынды зерттеушілерімізді жатқызуға болады.

Ал діни толеранттылық бойынша ресейлік ғалымдар: Д.М. Бондаренко, Е.Б. Деминцева, О.И. Кавыкин, И.В. Следзевский, Д.А. Халтурина, В.А. Балцевич, С.А. Балцевич, М.С. Уланов, В.Н. Бадмаев, Г.И. Юсупова т.б.

Отандық дінтанушылар: Ә. Нысанбаев, Б. Сатершинов, М. Орынбеков, С. Оспанов,

Н. Байтенова, Ш. Рысбекова, Ғ. Есім, Д. Кенжетай, З. Мұташқызы, Н. Аюпов, Қ. Затов, А. Құрманғалиева, А.Д. Құрманалиева, З.Н. Исмаганбетова, И.А. Артъемев, А. Косиченко, Л. Сейтахметова, Н. Бурова т.б.

Толеранттылықтың философиялық негіздерін сараптаған отандық ғалымдарымыз: Ә. Нысанбаев, С. Нұрмұратов, С. Аяжан, Ж. Алтаев, М. Хасанов, С. Мырзалы, Ж. Молдабеков, Т. Ғабитов т.б.

Діни толеранттылық

Мұндай қатаң діни ұстанымдарды жұмсарту үдерісі, әсіресе XVIII ғасырлардағы Еуропадағы ағартушылық дәуірдің еншісіне тән болды. Мәселен, Вольтер Франсуа Мари Аруэ жалпы дінді қолдағанмен, үстемдік жүргізуге қолайлы «халықтық фанатизм», сондықтан әрбір партия белгілі бір дінді ұстанады деп тұжырымдай келе, табиғи дінді қолдаған ойшыл, теологиялық дінді фанатизмнің шығу тегі, адамзаттың жауы деп түсіндіреді [11].

Ал Ламетри Жюльен Офре бақытқа жетудің жолы атеизмді қабылдау деген тұжырымдарын дәйектесе, Гельвеций Клод Адриан теизмді де, деизмді жоққа шығарады, діннің шығу тегін адамдардың өлім үрейінен, адамдардың өзге адамдарды алдауынан деп түсіндірсе, Гольбах Поль Анри адамдар құдайды жасап шығарған, сондықтан, құдай адамдарда елес түрінде сақталады деген тұжырымдарын дәйектеді. Л. Фейербах та еркін ой сана көзқарасында болып, діннің пайда болуының антропологиялық тұжырымдамасын қолдап, құдайды сүйгендей, бір-біріңді сүйіндер деген ой түйінін ұсынған болатын [12].

Мұндай беталыстар тек ағартушылар мен философтардың еңбектерінен ғана емес, еретиктердің де, сол діннің басқа бағыттарынан да көрініс тапты. Мәселен, христиан дінінің протестанттық бағыты өзіне жағымсыз әлеуметтік үдерістерге қарсылық көрсетпей, енжар түрде одан құтылып шығуды көздесе, ислам дінінің бахаизм бағыты барынша діни конфессионалдылыққа ұмтылды [13].

Схоластика негізінен екі мағынада қолданылады: біріншісі, орта ғасырдағы батыс еуропадағы діни философиялық бағыт болса, екіншісі, жеміссіз ойтолғаудың көрінісі, нәтижесі тек шартты білімге алып келеді, шынайы өмірмен практикадан алшақтайды деген сияқты түсініктерді жамайды. Схоластика бір жақты пікірлерді негізге алып, оның дұрыстығына

шүбә келтірмей, логикалық ұстанымдарды тыс қалдырып, канондалған мәтіндерге сүйенетін догмалық ойлау тәсілі ретінде көрініс табады және көп жағдайда діни сенімге байланысты айтылады [14].

Схоластика сыни ойлауға, объективизмге қарсы болып, діни мәтіндермен герменевтикалық жұмыстар ғана жүргізуге бағдарланады, ортодоксальды доктринаны дәйектейді және оны ойлаудың бағдары ретінде қабылдайды, дін философиясымен шұғылданбайды және оны терістейді. Мәселен, орта ғасырдағы батыс еуропалық діни философияда құдайдың бар екендігін дәйектеудің бірнеше формалары ұсынылған болатын [15].

Радикализм саяси термин болғанмен, қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылады, соның ішінде діни радикализм діни ұстанымның шектен шыққан бағыты ретінде танымал. Ислам дініндегі радикализм туралы түсіндірушілер мынадай пікірлерін паш етеді: «Діни радикализмнің және бір белгісі, мұнда пенде шарифат міндеттемеген амалдарды өзіне-өзі міндеттеп алғанды жөн деп санайды. Мысалы: Кәпірлерге арнап түсірілген аяттардың үкімдерін мүмін-мұсылмандарға қарсы қолдану. Бейбітшілік кезде «жәбірлеушілік пен бидғаттарға қарсы жиһад» жасауды сылтауратып, мүмін-мұсылмандарға қарсы қарулы шабуылдар жасау, олардың қанын төгу. Пенде шарифат міндеттемеген амалдарды өзіне-өзі міндеттеп алса – бұл радикализмді ұстанғаны болады. Өйткені, мұндай жағдай оны үнемі қалыптасқан жағдайды түбегейлі түрде өзгертуге итермелеп тұрады. Ендеше осындай ұстанымды ұстанған адам басқаларды да осындай ұстанымды ұстануға итермелесе, онда бұл экстремизмге айналады [16]. Дінді ұстанушылар арасындағы осындай жағымсыз мәндегі бағыттар, түптеп келгенде, діни экстремизмге алып барады. Ислам дініне байланысты діни экстремизмді түсіндірушілер оған мынадай сипаттамалар береді: «Діни экстремизм ислам құндылықтарын сақтау жолында үндеу тастаған өздерінің пікірлестерін діни принциптерді бұзушылар деген айыптаулармен кінәлайды. Діни-саяси экстремизм болса, әртүрлі діни пікірлерге негізделгеніне қарамай, олардың іс-әрекеттері Қылмыстық істер кодексінің баптарына сәйкес келеді. Яғни, діни-саяси экстремизм – діттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл. Басқаша атағанда – терроризм (лаңкестік) [17]. Мұндай әрекеттер көбіне мемлекеттің құрамын

күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Қауіпті жағдайға айналған осындай әрекеттерді іске асыру, көбіне қарулы топтар құрып, өзара өшіктіру әдістерін қолдану арқылы дін және ұлттық қайшылықтарды қоздырумен, сондай-ақ адам құнын жаппай бұзумен қатар жүреді», – деп негізгі қатерлері мен шығу себептерін түсіндіре келе, әрі қарай мынадай тұжырымдарға келеді: «Мұндай шектен шыққан экстремизм әртүрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Экстремистер қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін сол дін. Діни-саяси экстремизм әдетте ешқандай ымыраны мойындамай, ортақ келісімнен бас тартады, ешкімді жақтырмайды, тіпті оларды қолдап жүрген дін өкілдерінің пікірі болса да ешқандай саяси пікірлермен санаспайды [18].

Исламдық ұйымдар тәуелсіздікті, мемлекет аралық шекараларды, ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті жоққа шығаратындығын, дәстүрлі емес дін өкілдері өзін белгілі бір ұлт түріне жатқызбайтындығын, сол аталған діни қауымдастықтың мүшесі ғана екендігін ғана қайталайтындығын тұжырымдаса [19], философ Е. Булова жат пиғылды сенімдегілердің отбасында қалыптасқан мәдени дәстүрлерден бас тартуға, туған-туыстарымен өзара қарым-қатынастарда жалпы қабылданған құндылықтар мен басымдылықтарды үзуге шақыратын насихат жұмыстар жүргізетіндігін ұсынса [20]. З.А. Абдуллина дәстүрлі емес культтердің бірнеше белгілерін ажырата келе, негізгісі ресми идеалдар мен құндылықтарға қарсы тұрушылық екендігін атап өтеді [21]. Мұндай ұстанымдар энтузиазмға негізделеді, өзінің материалдық немесе басқалай пайдаға кенелуіне мән бермейді, өзінің ұстанымын дәйектеуде ерекше бір психологиялық қуатқа ие болады, басқалай көзқарастарды менсінбей, өзінің идеясының таза абсолютті шындығына ешқандай шүбә келтірмейді, өзіне жақтастарды іздестіреді.

Христиан теологиясындағы діни толеранттылық

Осындай діни сананың алдын алу қашанда діни толеранттылықты қалап, діндердің өзара келісімпаздығын жақтайды, бірнеше діни сенімдердің бейбіт қатар өмір сүруінің өзіндік бір үлгісін жасап шығаруды ниет етіп, діни зайырлы қоғам құруға бағдарланады. Дегенмен, шындығында, бұл ұстаным діни еркін ой-санамен

де тығыз байланысты болып келетіндіктен, келесі кезекте, оның элементтеріне тоқталып өтетін боламыз. Алдымен, оның градациясын былайша өрбітіп көрсетуімізге болады: «теизм – деизм – пантеизм – скептицизм – антиклерикализм – еретиктік – реформаторлық – атеизм».

Бұл мәселені Г. Нұрышева мен Б.М. Аташ былайша тарқатып түсіндіріп өтеді: «Теоцентризм – (тео – құдай, центр – орталық деген мағынада) теологиядағы мәдениетті, бүкіл рухани білімдер жүйесін бастамаға, теизмге бағыттап түсіндіретін, құдайға басымдылық беретін түсінік: құдай жаратушы, алғашқы себеп, бастаушы т.б. теоцентрлік ойдың сипаты. Құдайға сенім жаратушының әлемге қатынасы тұрғысынан үшке бөлінеді. Біріншісі – құдай әлемді жаратқан және оны үздіксіз бақылап, басқарып отырады, қоғам мен күнделікті адам өміріне де араласады деп санайтын бағыт – теизм болса, екіншісі – құдай дүниені тек бастапқы жаратушы ғана, бірақ кейінгі әлемнің тіршілік етуіне және адам өміріне араласпайды, тек бақылаушы ретінде ғана бар болып табылады деп есептейтін – деизм. Ал үшіншісі – пантеизм деп аталады. Пантеизм – (пан-бәрі, тео-құдай мағынасында) бәрі де – құдай болып табылады деп түсіндіре келе, табиғатты, әлемді құдайландыру, екеуін кіріктіру туралы сенім.

Осы тұста сенім мен ақыл түсінігі де қарама-қарсы мағынада ұғынылады. Неміс философы И. Кант айтқандай, «мен сенімге орын беру үшін ақылды шектедім», – деген тұжырым оларды бәсекелесуші және баламалы алаңға шығарып отыр. Осыған орай, философия тарихында сенім мен ақылды біріктіру, үндестігін қолдау бағыттары орта ғасырлардан-ақ пайда болып, XX ғасырдағы неотомизм ағымында жалғасын тауып отыр» [22]. Ал скептицизм күдік келтіруге бағдарланған, өзінің шығу тегі мен жалпы мазмұны бойынша да дінге, жалпы құдайға күдік келтіріп, оны әр түрлі мәнде түсіндіруге ұмтылады: құдай бар ма, болса қай жерде, оны қалай таниды, адам тани ала ма? деген сияқты сауалдар қояды.

Антиклерикализм – саяси және рухани өмірді, ғылымды, мәдениетті және білім беруді дін мен шіркеудің билігінен азат етуге бағытталған қоғамдық қозғалыс. Көптеген діншіл антиклерикалдар клерикализмді реакционерлердің дінді өз мақсаттарына пайдалануының нәтижесі ретінде ғана қарастырады және клерикализмді мен діннің арасына шек қоя отырып, барлық реакциялық атаулыны жауыққан клерикализм жағына жатқызып, дінді сыннан тыс қалдырады

[23]. Демек, бұнда шіркеу мен мемлекетті бөлу мәселесі қозғалады, бірақ бөлу екеуін екі бөлек ажырату емес, мемлекеттік істерге дін араласпайды, сәйкесінше, діннің жүру бағытын мемлекет белгілеп бергенмен, діни ұстанымдармен, дінге сенушілермен қарсы күреспейді, белгілі бір деңгейде мемлекеттік саясатқа қарсы келмесе, оған барынша қолдау білдіреді деген сияқты ұстанымдарды қуаттайды деген сөз.

Сөздіктерге жүгінсек, еретиктер қандай-ма бір діни бағытты сенімде деп санайтын көзқарастардан саналы түрде ауытқу және діни ілімге өзінің басқаша көзқарастарын білдіру, барынша жұмсартуды негізге алады. Сондықтан, ортодоксальділік бұған қарсы шығады [24]. Демек, еретиктер белгілі бір діни қатаң догмаларды жұмсартып, оны заманға лайықтап немесе өздерінің діни ұстанымдарына бейімдеп, түпкілікті өзгерістер енгізбесе де, діни ережелерге барынша «түзетулер» жасап, кей уақытта көпшіліктің қолдауына ие болып жатады. Бірақ еретиктер мен дінді бұрмалаушылар, исламша айтқанда, бидғад жасаушылар арасын толық ашып берудің өзі қиындықтар келтіреді.

Еретиктер көп жағдайда діни фанаттықтан, ортодоксальділіктен, схоластикадан арылып, дінге өзіндік бір өзгерістер енгізіп, дінді ұстанудың жана бір жолын таптық деп есептеп, оны да үгіттеумен айналысады. Еретиктер кейде, сол діннің белгілі бір логикалы-құрылымды бағытына да айналып кетіп жатады. Мәселен, протестантизм және оның кейбір бағыттары бас кезінде, пайда болған сәтте, фундаментализм тарапынан еретиктік де саналған, кейіннен, христиан дінінің іргелі бір тармағы болып есептелді [25].

Еретиктер кейде дінді бұрмалаушы ретінде жағымсыз мағынада болса, кейде діни зайырлылықты қолдаушы ретіне жағымды мағынада қолданылады. Кейбір еретиктер дінаралық келісімділікті қолдайды. Ал кейбірі еретиктер деп аталмаса да, фундаментализм тарапынан еретиктік деп саналады немесе «кәпір» деген айдар тағылып, оларды қудалауға ұшыратады. Мәселен қазіргі қазақ қоғамы ұстанатын ислам дінінің ханифизм бағытын шииттер мұсылман дінінен ауытқу деп санайды, ал уаххабистер ешқандай мазһабтарды мойындамайды.

Ал христиандық догматтарға негізделген сенімде еретиктерді жазалайтын арнайы «инквизиция соты» бар. Бұл беделді дін адамдарының, діни мекемелердің шешімімен діннен ауытқығандарды, дінді бұрмалаушыларды отқа өртеуге дейін баратын қатаң жазаға тартуды мақсат етеді [26].

Осы еретиктіктің жұмсартылған атауы ретінде, кейде, шынайы жағымды мағынасында діни ұстанымдарға іргелі өзгерістер алып келген бағытты реформаторлық деп атайды. Қазіргі таңда Ж. Кальвин мен М. Лютер негіздеген христиан дінінің протестантизм бағыты реформация деген атауға ие болып отыр. Реформация дінді түпкілікті өзгертпейді, оның канондық ұстанымдарына қарсы шыға қоймайды, тек догматтықтан сақтанып, кейінгі дін өкілдері мен дін ғұламаларының енгізген ережелеріне, діни мәтіндерді түсіндірулеріне, артынша қосылған тәртіптер мен қасаң қағидаларына қарсы шығады, негізінен, қоғамдағы барлық реформалар тәрізді, дәстүрлі идеяларды жаңарту, оны заманға лайықтау, діннің адам мен қоғамдағы өзіндік игілікті қызметін атқаруын т.б. басшылыққа алады. Сондықтан да, діни реформация жағымды мәнде қабылданады, сол мемлекеттің саяси ұстанымдарына қайшы келмейді, заманның талаптарын жоққа шығармауды, прогресс пен даму идеясын қолдауды қуаттайды [27].

Сонымен қатар діни толеранттылық, дінаралық келісім, діни зайырлылық, дін мен ғылымның үйлесімділігі тәрізді ұстанымдарды рационалды түрде ұсыну, оның философиялық деңгейін паш ету философия тарихында кездесетін жайт. Соның бірі – орта ғасырдағы Испанияда өмір сүрген араб-мұсылмандық философиясының көрнекті өкілі Ибн Рушдтың қос ақиқат теориясы. Ол алғаш рет дін мен ғылыми ақиқаттың бірлігін негіздеп, өзінің ақиқаттың біреу ғана емес, екеу болатындығын ұсынды. Бұл теорияның мәні: ақиқатқа келудің екі түрлі жолы бар, біріншісі, ғылым мен философия арқылы рационалды түрде пайымдау болса, екіншісі, діни сенім алаңын да назардан тыс қалдырмай, оның да ақиқат екендігін жоққа шығармау, бірақ екі ақиқат өзара тең мәнді, қатар өмір сүруі тиіс.

XX ғасырдағы неотомизм бағыты теология құдайдан жаратылыстану ілімдеріне қарай бағытталса, философиялық даналық құдай жаратқан заттарды қарастырады, соңында құдайға жетеді деген ұстанымды қуаттайды [28].

Міне бұның барлығы діни салада қазіргі қоғам басты құндылық ретінде бағдарлайтын игіліктерге алғышарттар болды. Толеранттылық қоғамдық өмірдің барлық саласына қажетті әлеуметтік психологиялық көңіл-күй екендігі адамзат руханиятында мойындалғаннан кейін, оны діни арнада да сақтау қажеттігі туралы ой түйіндері өздігінен-ақ дұрыс болып қабылданды.

Толеранттылықтың бұл саладағы қолданысын үш бағытқа ажыратып көрсетуді жөн көрдік.

Біріншісі, бір дін өкілдерінің бір-біріне деген толеранттылығы. Ол басқа ұлт немесе басқаша саяси көзқараста, басқаша дүниетанымда болмасын оған толеранттылық қатынаста болу қажеттігі. Сондай-ақ, бір діннің өзінде қазіргі таңда бірнеше ағымдар мен тармақтар бар. Олар да біріне-бірі барынша толеранттылық қатынаста болуы тиіс [29].

Екіншісі, бір дін өкілі басқа да діндерге толеранттылықпен қарау керек. Әлемдік діндер үшеу: будда, ислам, христиан. Сонымен қатар бірнеше ұлттық діндер бар: иудаизм, индуизм, синтоизм т.б. және алғашқы діни сенімдер немесе пұтқа табынушы халықтар да жоқ емес. Олай болса, толеранттылық, басқа да әлемдік діндерге, басқа да ұлттық діндерге, өзге діни сенімдерге толеранттылықпен қарау керектігін паш етеді. Бірақ өзі ұстанған дінді ішкі түйсігі абсолюттендіргенмен, басқа діни ұстанымдағы адамдарды адасқандар ретінде емес, жай ғана дүниеге көзқарасы басқаша адамдар тобы ретінде қабылдауы тиіс.

Үшіншісі, кез келген, дін қоғамдық өмірдің барлық саласына толерантты қатынаста болуы тиіс. Атап айтқанда, әлеуметтік сала, тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, мәдениет, саясат, мораль, ғылым т.б. әлеуметтік институттардың ұстанған бағыттарына деген толерантты болуы бағдарланған. Әрине, олар өзінің жеке көзқарастарын ұсына алады, бірақ оған барынша төзімділікпен қарап, белгілі бір деңгейде өзіндік ұстанымдарын жариялай алады [30].

Осының екінші қағидасынан дін аралық татулық, келісімділік мәселелері туындап шығады. Діни мәтіндер негізінен алғанда, өзге діндегілерге деген өшпенділік қатынасты қаламайды, әйтсе де, өзінің дініне өзгелерді көптеп тартуды сұранып тұрады. Бірақ ол күштеумен, зорлық-зомбылықпен, әлдеқандай психологиялық ықпал жасаумен, қысқаша айтқанда, антигумандық тәсілдермен жүргізілмеуі тиіс. Ол үшін мынадай философиялық-этикалық қағидаларды ұстануы керектігін ұсынамыз:

а) дүниені көрудің әр түрлі призмасы мен тәсілдері бар; ә) басқа діннің адамдары дүниені көрудің басқаша бір тәсілін қалаған; б) әркім өзінің қалауы бойынша әлемді түйсінудің тәсілдерінің бірін қалап алуға ерікті; в) олар «осы дін» өкілі үшін жек көрінішті емес.

– әлемде қанша дін болса, солардың барлығы өзінен басқаны адасқандар деп таниды,

демек, «осы дінді» де өзгелер адасқан деп пайымдайды. Олай болса, бірін-бірі адасқан деген пайымдаулардың маңызы төмен.

– әлемде абсолютті ақиқат болмайды, сондықтан, салыстырмалы ақиқаттар қатар жүріп отыруға құқылы. Дегенмен, барлық діндердің белгілі бір түйісер тұсы адамзаттың өмір сүруіне қолайлы абсолютті этиканы жасау мен құру және оны сақтау, олай болса, дінаралық қақтығыстан гөрі, осы моральді нығайтуды басшылыққа алу керек.

– дінаралық қақтығыстарды «сол діннің» өзі де, басқа діндер де қаламайды және ол игілікке бастайтын жол емес. Сондықтан, барынша тиімді тәсіл дінаралық татулықты сақтау. Адамзат тарихында бұдан басқа жол әзірге жоқ де айтуымызға болады.

– диалектикалық теология бойынша да, диалектикалық ғылыми әдіснама бойынша да плюралистік пен қайшылықтылық, әрбір құбылысты дамытқандық болып саналады. Зұлымдық арқылы ізгілікті түйсінгендігіміз тәрізді, басқа діндегілер арқылы тұлға өзінің ұстанған сенімін нығайтып отырады. Анологиялық түрде әлем көптүрлілікті қалайды, олай болса, адамзаттың ұстанымы да көптүрлілік арқылы ақиқатқа жақындай түспек.

– дін мен ғылым қатар жүріп отыру тиіс парадигмалар болса, басқа діндер де қатар жүріп отыруы тиіс сенімдердің формалары. Әлем біреу, діндер жаратушыны мойындайды, демек, оны әркім, әрбір дін қалай көре аламын десе де ерікті болып табылады [31].

Осыдан діни зайырлылық қағидасы туындайды. Дінмұхаммед Аязбеков діни зайырлылықты талдай келе, оның негізгі ұстанымдарын былайша тарқатып береді: «Бұл жердегі ең бастысы – діннің мемлекеттен ажыратылу қағидаты екені айқын. Мәселен, «зайырлылық» мынадай саяси құқықтық мағыналарды білдіреді: ар-ождан бостандығы – ол тек діни таңдау бостандығы емес, одан кеңірек – дүниетанымдық, соның ішінде діни емес таңдау. Осы таңдау құқығын мемлекет адамға (азаматқа) қалдырады және оның шешімін қабылдауға, оны қорғауға міндеттенеді; мемлекет азаматтармен қарым-қатынастарда олардың діни көзқарастарына емес, оның азаматтық-құқықтық жағдайына сүйене отырып, азаматтық қағидатты бәрінен де жоғары қояды; мемлекет іс жүзінде барлық діндер мен азаматтардың құқықтық теңдігін жүзеге асыруға ұмтылады және осы қағидаттар дүниетанымдық бірлік негізінде азаматтармен құрылған қоғамдық бірлестіктерге де тарала-

ды; діндер (әлеуметтік институттар, көпшілік-құқықтық қатынастардың субъектілері ретінде) мемлекеттік саясатты (діни нанымдарына байланысты емес барлық азаматтарға қатысты саясат) жасау мен жүргізу барысынан аластатылады; «Діни мәселе» саясаттың қоғамдық өмірге, азаматтардың жеке өмірі салаларына өтеді; мемлекет өзінің ішкі және сыртқы саясатындағы тұжырымдамалық негіздерде діни-теологиялық қағидаттарға сүйенбейді және олармен басшылық жасамайды; мемлекеттік және діни құқықтар бір-бірінен ажыратылады, сонымен қатар қоғамдық-құқықтық және азаматтық салалардағы мәселелерді шешуде біріншінің үстемдігі жарияланады; діни құқықтың әрекет ету аясы негізінен діни институтпен шектеледі және діни бірлестіктерге мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметтері мен міндеттері жүктелмейді» [32].

Сонымен қатар, зайырлы түрде құрылған дін туралы ережелер, қағидалар, заңдар бойынша зайырлылықтың мынадай ұстанымдарын туындата аламыз:

– зайырлы дін иесі, діни уағыздармен ресми емес түрде айналыспайды, онымен тек қана миссионерлік құжаты бар дін өкілдері шұғылдануы тиіс. Бұл уағыздар жоғарыда атап өткен, радикалды, фундаменталистік, схоластикалық, экстремистік т.б. бағыттарда болмауы тиіс.

– зайырлы дін иесі жоғарыда айтылған дін аралық татулық пен келісімділікті қалайды және оны сақтауға өзінің саласы бойынша өз еркімен қызмет етеді, қажет кезінде түсіндіру жұмыстарын да жүргізіп отырады.

– зайырлы дін өкілі фанаттыққа емес, қоғамдағы діннің игілікті қызметтерін жүзеге асыруды мақсат етеді: ағартушылық, адамдар арасындағы этикалық қарым-қатынасты сақтау т.б.

– зайырлылықты басты заманауи құндылық ретінде бағалайды, оған шын ниетімен қызмет етуге бағдарланады, діни теріс пиғылдағылармен өзінің саласы бойынша әр түрлі гуманистік тәсілдерді қолдана отырып, күресуге де дайын болады.

Қорытынды

Діни толеранттылық, дінаралық келісімділік, діни зайырлылық бүгінгі таңда қоғамды біріктіруші құндылық ретінде бағаланып отыр. Мәселен, бір ұлттың өкілдері әр түрлі дінді ұстануы ықтимал, бірақ діни сенімі бойынша

бөлініп, ажырап, ұлттық тұтастықты жоймау үшін жоғарыдағы қағидалар арқылы қайтадан бірігуі тиіс.

Сондай-ақ, бір мемлекетте тұратын әр түрлі халықтар да осы қағидалар арқылы біртұтас мемлекет құрайды, сол мемлекеттің мүддесіне қызмет етеді де, діни сенімді өзінің ішкі дүниесіндегі жеке мәселе ретінде қабылдайды.

Бұл түптеп келгенде, жалпы адамзаттық тұтастану қағидасын басшылыққа алады. Адамның еркі мен бостандығы сәйкесінше, оның қандай дін ұстанатындығына да қатысты. Соған қарамастан, жаһандану заманындағы мемлекет аралық байланыстар дінаралық алшақтықты ескермеуі тиіс. Қазіргі адамзат қоғамындағы экономикалық-саяси, мәдени-әлеуметтік интеграция діни ұстанымдардың әртүрлілігін назарға алғанмен, оны бірікпудің құралы ретінде пайдаланбайды. Мәселен, қазіргі таңдағы экономикалық одақ пен екі ел арасындағы өзара келісімділік, сол мемлекеттің халқының діни ұстанымдарын елеусіз қалдырып отыр. Өйткені, тек сол дінді ұстанатын мемлекеттермен ғана қарым-қатынас орнатса, онда сол мемлекеттің экономикасы құлдырап, ілгерілеу де болмас еді. Олай болса, біз қарастырып отырған құндылықтардың қоғамды біріктірушілік қызметінің айшықты мәнде екендігіне көз жеткізе аламыз.

Әрине, кей сәттерде жалпыадамзаттық этикада діни мораль елеусіз қалып жатады. Бірақ бұл екеуі өзара байланысты болып келді. Жалпы адамзаттық мораль, моральдік кодекстер діни мораль негізінде құрылған болуы ықтимал, бірақ, уақыт өте келе, өзгерістерге де ұшырайды. Діни мораль өз кезегінде, қоғамға ықпал ете алама, қаншалықты деңгейде әсері бар, мәселе онда емес, негізгі мәселе ол өзінің түйінді ойлары мен ұстанымдарын әлемге паш етуге құқылы болып табылады. Мәселен, христиан дінінің католиктік бағыты аборт жасауға барынша қарсы болды, адам өлтіру, оның қылмыспен тең екендігін атап өтті. Моральдік өлшемдер де, әрине, шартты, бірақ жаңашылдықтың барлығы абсолютті «дұрыс» болып табылмайды, сондықтан да, діни мораль бұл тұста консерваторлық сияқты болып көрінеді. Шындығында, бұл қалай шешімін табуы тиіс деген сауал бүгінгі адамзатты аландатып отырған күрделі ахуалдардың бірі.

Діни мораль көп жағдайда, әлемдік діндерге ортақ болып келеді, бірақ айырмашылықтары да жоқ емес. Мәселен, буддизмдегі ахимса, яғни, тірілерді өлтірмеу ислам, авраамдық діндердегі құрбандық шалумен сәйкес келе бермейді.

Олай болса, моральдік ұстанымдардың өзара қайшылығынан барынша абсолютті ақиқат туындап шығуы тиіс. Бүгінгі таңда да діннің этикалық қағидалары адамзатты біріктіретін құндылық ретінде өз мәнін төмендеткенмен, түпкілікті жойған жоқ. Сондықтан, адам-

зат қоғамының бірігуі немесе белгілі бір мемлекеттік қоғамның тұтастануы кей жағдайда бір дінді ұстанушылықпен де байланысты болып келетіндігі жасырын емес. Себебі, ортақ рухани құндылықтар ортақ мүдде мен мақсаттарға жетелейді.

Әдебиеттер

- 1 Новая философская энциклопедия: В 4 тт. / под редакцией В.С. Стёпина. – М.: Мысль, 2001.
- 2 Большая актуальная политическая энциклопедия / А.В. Беляков, О.А. Матвейчев. – М.: Эксмо, 2009.
- 3 Бердяев Н.А. О фанатизме, ортодоксии и истине // «Человек». – № 9. – 1997.
- 4 Аташ Б.М. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шаралары: теориядан практикаға. – Алматы, 2013. – 88 б. 10 б.
- 5 Айнабекова М. Религиозные ценности как инструмент духовной консолидации общества // Жастар. Руханилық. Интеллектуальдік ұлт: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 236 б. 213 б.
- 6 Энциклопедический словарь по психологии и педагогике. – 2013.
- 7 Мюллер Ф.М. Введение в науку о религии / пер с англ. Е.С. Элбакян; под общей ред. А.Н. Красникова. – М.: Университет, 2002. – 264 с. – С. 56.
- 8 Діни фундаментализм, экстремизм, радикализм және либералдылық//<https://alibeka.wordpress.com/2011/>.
- 9 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
- 10 Джуманова Г.Ж. Конфессиональные аспекты национальной идентичности// Шулембаевские чтения: материалы международной научно-практической конференций. – Алматы: КазНПУ, 2012. – 407 с. – С. 209.
- 11 Бурова Е. Қазақстан үшін дәстүрлі емес діни ұйымдары өкілдерінің мінез-құлықтары мен санасының экстремизациялану технологиялары// Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің ролі: әдістемелік материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты. – 2011. – 151 б. – 31-38 бб., 32 б.
- 12 Абдуллина З.А. Нетрадиционные религиозные культы: опасность и основные способы воздействия на личность // Вестник Алматинского университета энергетики и связи. – №3. – 2012. – С. 147-152.
- 13 Ғылыми таным философиясы: оқу құралы / Г. Нұрышева, Б. Аташ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 428 б. 357 б.
- 14 Мадеев Д., Сапуанов Е. «Атеистің қалта сөздігі». – Алматы: Қазақстан, 1988, 288 б.
- 15 Теологический энциклопедический словарь / ред. Уолтер Элвелл. – М.: Ассоциация «Духовное возрождение», 2003. – С. 440.
- 16 Дінмұхаммед Аязбеков. Зайырлық – демократиялық болашаққа алып баратын төте жол. <http://old.el.kz/m/articles/view>
- 17 East Asian religious tolerance versus Western monotheist prejudice: The role of (in)tolerance of contradiction. By: Clobert, Magali; Saroglou, Vassilis; Hwang, Kwang-Kuo. Group processes & intergroup relations. Volume: 20 Issue: 2 Pages: 216-232 Published: Mar 2017. Web of science. Thomson Reuters.
- 18 Intellectual humility and religious tolerance. By: Hook, Joshua N.; Farrell, Jennifer E.; Johnson, Kathryn A.; et al. Journal of positive psychology. Volume: 12 Issue: 1 Special Issue: SI Pages: 29-35 Published: 2017. Web of science. Thomson Reuters.
- 19 Religious Tolerance in late Antiquity, IV-V centuries. Acts of the Days of study on Late Antiquity, Rome 26-27 May 2013. By: Drake, H. A. Classical review volume: 66 Issue: 2 Pages: 599-600 Published: OCT 2016. Web of science. Thomson Reuters.
- 20 Toward an Understanding of Religious Tolerance: Quest Religiousness and Positive Attitudes Toward Religiously Dissimilar Others. By: Van Tongeren, Daryl R.; Hakim, Sabrina; Hook, Joshua N.; et al. International journal for the psychology of religion. Volume: 26 Issue: 3 Pages: 212-224 Published: JUL-SEP 2016. Web of science. Thomson Reuters.
- 21 From religious fanatic to maturity in faith: cross-confessional tolerance as a way to understand emotional components of others. By: Khon, Natalya; Kim, Alla. Edited by: Chan, KW. Conference: 1st International Conference on Communication in Multi-cultural Society (CMSC) Location: Natl Res NuclUniv, Moscow EngnPhysInst, Moscow, Russia Date: DEC 06-06, 2015. Procedia Social and Behavioral Sciences Volume: 236 Pages: 260-264 Published: 2016. Web of science. Thomson Reuters.
- 22 Religious Diversity in Muslim-Majority States in Southeast Asia: Areas of Tolerance and Conflict. By: Barter, Shane J.; Garfunkel, Gabrielle. Asian journal of social science Volume: 44 Issue: 3 Pages: 417-418 Published: 2016. Web of science. Thomson Reuters.
- 23 Suffering as Ground for Religious Tolerance An Attempt to Broaden Panikkar's Insight on Religious Pluralism. By: Singgih, Emanuel Gerrit. Exchange-journal of missiological and ecumenical research. Volume: 45 Issue: 2 Pages: 111-129 Published: 2016. Web of science. Thomson Reuters.
- 24 About Charlie Hebdo. Tolerance and Religious Violence. By: D'Andrea, Dimitri. Iride-filosofia e discussione PUBBLICA Volume: 28 Issue: 3 Pages: 485-492 Published: DEC 2015. Web of science. Thomson Reuters.

- 25 Religious Diversity and Religious Tolerance. By: Xie, Zhibin. Universitas-monthly review of philosophy and culture. Volume: 42 Issue: 6 Pages: 169-184 Published: JUN 2015. Web of science. Thomson Reuters.
- 26 Limits of Tolerance: Perception and Acceptance of religious Diversity in Europe. By: Doebler, Stefanie. Journal of contemporary religion. Volume: 30 Issue: 2 Pages: 342-344 Published: MAY 4 2015. Web of science. Thomson Reuters.
- 27 The Limits of Tolerance: Indian Secularism and the Politics of Religious Freedom. By: Rocklin, Alexander. History of religions Volume: 54 Issue: 2 Pages: 210-212 Published: NOV 2014. Web of science. Thomson Reuters.
- 28 Daniel J. McKaughan. On the value of faith and faithfulness. Int J PhilosRelig. DOI 10.1007/s11153-016-9606-x. Received: 25 November 2016 / Accepted: 3 December 2016. Springer Science+Business Media Dordrecht 2016.
- 29 Sood, E.D., J.L. Mendez and P.C. Kendall, 2012. Acculturation, Religiosity and Ethnicity Predict Mothers Causal Beliefs. Journal of cross-cultural psychology, 43: 393-409.
- 30 The great thinkers of the great questions. Modern Western philosophy, 2000. /Ed. P.A. Varghese. Moscow, pp: 398.
- 31 Libertarian Quotes. Data Views 06.01.05 [http:// www.lpboulder.org/ quotes/](http://www.lpboulder.org/quotes/)
- 32 Chantrill, C., 2011. The Twilight of the Educated Gods. Data Views 09.06.2011 [http:// www.americanthinker.com/ 2011/ 06/ the_twilight_of_the_educated_gods.html](http://www.americanthinker.com/2011/06/the_twilight_of_the_educated_gods.html)

References

- 1 Novaya filosofskaya énciklopediya: V 4 tt. M.: Misl. Pod redakciyey V. S. Styopina. 2001.
- 2 Bolşaya aktwalnaya političeskaya énciklopediya. — M.: Éksmo. A. V. Belyakov, O. A. Matveyčev. 2009.).
- 3 Berdyayev N. A. O fanatizme, ortodoksii i istine/ «Čelovek», № 9, 1997 g.
- 4 Ataş B.M. Dinii ékstreimizm men terrorizmniñ aldın-alw şaraları: teoriyadan praktikağa.-A, 2013.-88b. 10b.
- 5 Aynabekova M. Religiöznie cennosti kak instrumnt dwxovnoy konsolidacii obščestva//Jastar. Rwxanılıq. İntellektwaldik ult: xalıqaralıq ğılımi-teoriyalıq konferenciya materialdarı.-Almatı: Qazaq wniwersiteti, 2011.-236b. 213b.
- 6 Énciklopedičeskij slovar po psixologii i pedagogike. 2013.
- 7 Myuller F.M. Vvedenie v nawkw o religii/Persangl. E.S. Élbakyan. Pod obščey red. A.N. Krasnikova.-M.: Wniwersitet, 2002.-264 s.,56b.
- 8 Dinii fwndamentalizm, ékstreimizm, radikalizm jäne liberaldılıq//<https://alibeka.wordpress.com/2011/>.
- 9 İslam. Énciklopediyalıq anıqtamalıq. Almatı: «Arwna Ltd.» JŞS, 2010.
- 10 Djwmanova G.J. Konfessionalnie aspekti nacionalnoy identičnosti//Şwlembaevskie čtenie. Materialmejdwnarodnoynawčno-pratiktičeskoy konferenciya -Almatı: KazNPW, 2012.-407s.209b.
- 11 Bwrova E. Qazaqstan üşin dástürli emes dinii uyımdarı ökilderiniñ minez-qılıqtarı men sanasınıñ ékstreimizaciyalanw texnologiyaları// Ékstreimizm men terrorizmge qarşı äreket etwdegi dástürli dinderdiñ roli.-Ädistemelik materialdar jınağı, Almatı: QR BGM GK Filosofiya jäne sayasattanw instiwtı.-2011.-151b.- 31-38bb.,32b.
- 12 Abdwllina Z.A. Netradicionnie religioznie kwltı: opasnost i osnovnie sposobi vozdeystviya na ličnost//Vestnik Almatinskogo wniwersiteta énergetiki i svyazi.-№3.-2012.- 147-152bb.,149 b.
- 13 Ğılımi tanıw filosofyaısı: oqw quralı/G. Nurışeva, B.Ataş.-Almatı: Qazaq wniwersiteti, 2016.-428b..357 b.
- 14 D. Madeev, E. Sapwanov «Ateistiñ qalta sözdigi» Almatı «Qazaqstan» 1988 jil, 288 bet
- 15 Teologičeskij énciklopedičeskij slovar. Red. Wolter Élvell. M.: Associaciya «Dwxovnoe vozrojenie», 2003. S. 440.
- 16 Dinmuxammed Ayazbekov. Zayırlılıq – demokratiyalıq bolaşaqqa alıp baratın töte jol. <http://old.el.kz/m/articles/view>
- 17 East Asian religious tolerance versus Western monotheist prejudice: The role of (in)tolerance of contradiction. By: Clobert, Magali; Saroglou, Vassilis; Hwang, Kwang-Kuo. Group processes & intergroup relations. Volume: 20 Issue: 2 Pages: 216-232 Published: Mar 2017. Web of science. Thomson Reuters.
- 18 Intellectual humility and religious tolerance. By: Hook, Joshua N.; Farrell, Jennifer E.; Johnson, Kathryn A.; et al. Journal of positive psychology. Volume: 12 Issue: 1 Special Issue: SI Pages: 29-35 Published: 2017. Web of science. Thomson Reuters.
- 19 Religious Tolerance in late Antiquity, IV-V centuries. Acts of the Days of study on Late Antiquity, Rome 26-27 May 2013. By: Drake, H. A. Classical review volume: 66 Issue: 2 Pages: 599-600 Published: OCT 2016. Web of science. Thomson Reuters.
- 20 Toward an Understanding of Religious Tolerance: Quest Religiousness and Positive Attitudes Toward Religiously Dissimilar Others. By: Van Tongeren, Daryl R.; Hakim, Sabrina; Hook, Joshua N.; et al. International journal for the psychology of religion. Volume: 26 Issue: 3 Pages: 212-224 Published: JUL-SEP 2016. Web of science. Thomson Reuters.
- 21 From religious fanatic to maturity in faith: cross-confessional tolerance as a way to understand emotional components of others. By: Khon, Natalya; Kim, Alla. Edited by: Chan, KW. Conference: 1st International Conference on Communication in Multi-cultural Society (CMSC) Location: Natl Res NuclUniv, Moscow EngrPhysInst, Moscow, Russia Date: DEC 06-06, 2015. Procedia Social and Behavioral Sciences Volume: 236 Pages: 260-264 Published: 2016. Web of science. Thomson Reuters.
- 22 Religious Diversity in Muslim-Majority States in Southeast Asia: Areas of Tolerance and Conflict. By: Barter, Shane J.; Garfunkel, Gabrielle. Asian journal of social science. Volume: 44 Issue: 3 Pages: 417-418 Published: 2016. Web of science. Thomson Reuters.
- 23 Suffering as Ground for Religious Tolerance An Attempt to Broaden Panikkar's Insight on Religious Pluralism. By: Singgih, Emanuel Gerrit. Exchange-journal of missiological and ecumenical research. Volume: 45 Issue: 2 Pages: 111-129 Published: 2016. Web of science. Thomson Reuters.
- 24 About Charlie Hebdo. Tolerance and Religious Violence. By: D'Andrea, Dimitri. Iride-filosofia e discussione PUBBLICA Volume: 28 Issue: 3 Pages: 485-492 Published: DEC 2015. Web of science. Thomson Reuters.

- 25 Religious Diversity and Religious Tolerance. By: Xie, Zhibin. *Universitas-monthly review of philosophy and culture*. Volume: 42 Issue: 6 Pages: 169-184 Published: JUN 2015. Web of science. Thomson Reuters.
- 26 Limits of Tolerance: Perception and Acceptance of religious Diversity in Europe. By: Doebler, Stefanie. *Journal of contemporary religion*. Volume: 30 Issue: 2 Pages: 342-344 Published: MAY 4 2015. Web of science. Thomson Reuters.
- 27 The Limits of Tolerance: Indian Secularism and the Politics of Religious Freedom. By: Rocklin, Alexander. *History of religions*. Volume: 54 Issue: 2 Pages: 210-212 Published: NOV 2014. Web of science. Thomson Reuters.
- 28 Daniel J. McKaughan. On the value of faith and faithfulness. *Int J PhilosRelig*. DOI 10.1007/s11153-016-9606-x. Received: 25 November 2016 / Accepted: 3 December 2016. Springer Science+Business Media Dordrecht 2016.
- 29 Sood, E.D., J.L. Mendez and P.C. Kendall, 2012. Acculturation, Religiosity and Ethnicity Predict Mothers Causal Beliefs. *Journal of cross-cultural psychology*, 43: 393-409.
- 30 The great thinkers of the great questions. *Modern Western philosophy*, 2000. /Ed. P.A. Varghese. Moscow, pp: 398.
- 31 Libertarian Quotes. Data Views 06.01.05 [http:// www.lpboulder.org/ quotes/](http://www.lpboulder.org/quotes/)
- 32 Chantrill, C., 2011. The Twilight of the Educated Gods. Data Views 09.06.2011 [http:// www.americanthinker.com/ 2011/ 06/ the_twilight_of_the_educated_gods.html](http://www.americanthinker.com/2011/06/the_twilight_of_the_educated_gods.html)